

**Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот
төрағасы Ж.Қ.Асановқа**

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот
Кеңесінің төрағасы Д.А.Шиппке

Қызылорда облыстық сотының
төрағасы Қ.Ж.Нұрышовқа
Қазалы ауданының тұрғыны, №21
«Алпамыс» бөбекжай-балабақша
меңгерушісі Э.Ж.Нұрмағанбетовадан

Алғыс білдіру хаты

Құрметті Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот төрағасы Ж.Қ.Асанов мырза!

Мен Э.Нұрмағанбетова төмендегі негіздерді жеткізе отырып, менің берген шағымым бойынша Қазалы аудандық сотының судьясы Д.Н.Әбдіқалықовтың өте құқықты сауатты жүргізген сот отырысы туралы және заңды сот актісін қабылдау үшін дәлелдемелерді зерттеудегі заңды сұрақтар беріп жасаған әрекеттері мен заңмен кепілдік берген менің құқым мен бостандығымды заңсыз бұзудан қоғап шығарған тұжырымды қаулысы бойынша аналық алғысымды білдіремін.

Атап айтқанда;

- 15.07.2021 жылы Қазалы аудандық СЭС мекемесінің аталған әкімшілік заңның талаптарын және Э.Нұрмағанбетова менің заңмен кепілдік берген құқым мен бостандығымды және іс жүргізу рәсімдерін елеулі түрде бұзып соттылығына жатпайтын орган жинақтаған дәлелдемелер негізге алып, ҚР ӘҚБтК-нің 425-бабы 1-бөлігімен әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырған.

- 04.08.2021 жылы судья Д.Н.Әбдіқалықов менің ҚР ӘҚБтК-нің 44 тарауына сәйкес берген шағымым бойынша, Қазалы аудандық СЭС мекемесінің ҚР ӘҚБтК-нің 425-бабы 1-бөлігімен 15.07.2021 жылы толтырған әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамасының заңдылығын зерттеп, тексеріп, заңсыз деп танып күшін жойды.

Судья Д.Н.Әбдіқалықовтың бұл әділетті, құқыты сауатты жазылған қаулысы менің заңмен кепілдік берген құқым мен бостандығымды қалпына келтірді және сот беделі мен абыройын жоғарылатып сотқа деген халық сенімін артыруға үлесін қосты.

Бұл сөз аудан халқының ауызынан шығып жатқан сөздер.

Әкесі де Наркен Әбдіқалықов ұзақ жыл судья әділеттіліктің туын ұстаған халықтың ардақты бір ұлы болған азамат еді.

Әке жолын қуып халық үшін әділ де әділетті жасап жатқан еңбегі үшін судья Д.Н.Әбдіқалықовқа аналық алғысымды айтамын.

Э.Нұрмағанбетова:
18.08.2021 жыл